

"Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 маусымдағы N 836 қаулысын іске асыру туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2002 жылғы 26 сәуірдегі N 91-ө бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2002 жылғы 4 шілдеде тіркелді. Тіркеу N 1904. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің м.а. 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1084 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің м.а. 31.12.2015 № 1084 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

1. Қоса беріліп отырған:

Жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті орган туралы Үлгі ереже 1-қосымшаға сәйкес;

қоғамдық жұмыстарды орындауға арналған Үлгі ереже 4-қосымшаға сәйкес;

жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті орган мен білім беру ұйымдары арасындағы кәсіби даярлық, біліктілікті арттыру және қайта даярлау бойынша қызмет көрсетуге арналған Үлгі ереже 5-қосымшаға сәйкес бекітілсін;

жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті орган мен кәсіби даярлыққа, біліктілігін арттыруға және қайта даярлыққа жіберілген жұмыссыз арасындағы Үлгі ереже 6-қосымшаға сәйкес бекітілсін.

Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2010.10.25 № 350-Ө (ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

2. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау вице-министр Х.М.Өтеулинаға жүктелсін.

3. Осы бұйрық әділет органдарында тіркелген сәттен бастап күшіне енеді.

Министр

Келісілді

Қазақстан Республикасының
Қаржы Бірінші вице-министрі

Келісілді

Қазақстан Республикасының
Білім және ғылым министрі

Қазақстан Республикасы
Еңбек және халықты
әлеуметтік қорғау Министрінің
2002 жылғы 26 сәуірдегі
N 91 - ө бұйрығына
1-қосымша

Жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі

уәкілетті орган туралы

Үлгі жоба 1. Жалпы ережелер

1. Жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті орган - жергілікті атқарушы органдардың халықты жұмыспен қамтуға жәрдемдесуді және аймақтық деңгейде жұмыссыздықтан әлеуметтік қорғауды қамтамасыз етуші құрылымдық бөлімшесі (бұдан әрі - уәкілетті орган).

2. Уәкілетті орган өз жұмысында Қазақстан Республикасының Конституциясын, халықты жұмыспен қамту туралы заңнаманы, Қазақстан Республикасы Президентінің кесімдерін, Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулыларын, Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі алқасының шешімдері мен бұйрықтарын, Әкімнің шешімдерін, басқа да нормативтік кесімдерді, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады.

3. Уәкілетті органның қызмет тәртібі, қаржыландыру көздері, құқықтық мәртебесі мен жауапкершілігі Қазақстан Республикасының заңнамалық кесімдерімен белгіленеді.

2. Уәкілетті органның негізгі міндеттері

4. Уәкілетті органның негізгі міндеттері:

1) Азаматтарды жұмысқа орналастыруға, жұмыссыздарды оқытуға жәрдемдесу және әлеуметтік қолдау жөніндегі жұмысты ұйымдастыру;

2) Еңбек рыногының жағдайына талдау мен болжам жасау, осының негізінде халықты жұмыспен қамтудың перспективалық және ағымдағы бағдарламаларына ұсыныстар әзірлеу және оларды іске асыруды қамтамасыз ету. Еңбек рыногы бойынша дерекқор қалыптастыру;

3) Азаматтардың жұмысқа орналасу кезеңін қысқартуға, жұмыссыздар мен жұмыс берушілерге қызмет көрсетуге арналған іс-шаралар тізбесінің сапасын арттыруға және ұлғайтуға бағытталған жұмыстың жаңа прогрессивті нысандары мен әдістерін енгізу;

4) Бағдарламалар мен қызметтерге ұсыныстар әзірлеу, жұмыс іздеп жүрген азаматтармен және жұмыссыздармен іс-қимылды жақсарту жөніндегі автоматтандырылған ақпараттық жүйені енгізу болып табылады.

3. Уәкілетті органның функциялары

5. Уәкілетті орган өзіне жүктелген міндеттерге сәйкес:

1) еңбек рыногының жағдайына талдау және болжам жасауды, қаланың (ауданның) әлеуметтік-экономикалық дамуының индикативтік жоспары негізінде халықты жұмыспен қамту бағдарламаларына ұсыныстар әзірлеуді жүзеге асырады, олардың орындалуын ұйымдастырады. Еңбек рыногының жағдайы туралы халықты, жергілікті атқарушы органдар мен Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігін хабарландырады;

2) халықты жұмыспен қамту саласындағы мемлекеттік саясатты және нысаналы топтарды жұмыспен қамтуға жәрдемдесуді қамтамасыз ететін арнайы іс-шараларды құзыреттілік шегінде іске асырады;

3) өтінішпен барған азаматтар мен жұмыссыздарды жұмысқа тұрудың мүмкіндігі туралы, ал жұмыс берушілерді - жұмыс күшімен қамтамасыз етудің мүмкіндігі туралы хабарландырады;

4) уәкілетті органға барған азаматтарды қабылдауды, есепке алуды және тіркеуді жүргізеді, жұмысқа орналасуға жәрдем көрсетеді, кәсіптік бағдарлануда тегін қызметпен қамтамасыз етеді;

5) жұмыссыз азаматтарды өтінішпен барған күннен бастап 10 күннен кешіктірмей тіркейді және оларды есепке алады;

6) жұмыссыздарға жұмыссыз ретінде тіркелгендігі туралы анықтама береді;

7) жұмыссыздарды олардың келісуімен қоғамдық жұмыстарға жібереді;

8) бос жұмыс орындарының (бос лауазымдардың), оқу орындарының автоматтандырылған дерекқорын қалыптастырады және осының негізінде халық пен жұмыс берушілерді еңбек рыногындағы жағдай, жұмысқа орналасу және кәсіптік оқытудың мүмкіндіктері туралы, олардың даярлығын қамтамасыз ете отырып, толық және шынайы ақпаратпен қамтамасыз етеді;

9) жұмыс берушілерге, олардың меншік нысандарына қарамастан қажетті қызметкерлерді іріктеуге көмек көрсетеді;

10) жұмыссыз азаматтардың біліктілігі мен еңбек рыногының талаптарын ескере отырып, оларды кәсіптік оқытуды ұйымдастырады;

11) жұмыссыз азаматтардың өзін өзі жұмыспен қамтуын және жұмыспен қамтудың басқада нысандарын ұйымдастыруына жәрдемдеседі;

12) мынадай ұсыныстарды әзірлейді және жергілікті атқарушы органдардың қ а р а у ы н а ұ с ы н а д ы :

тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктер аумағында тұратын халықтың нысаналы топтары мен оларды қорғау жөніндегі әлеуметтік шараларды анықтау туралы ұ с ы н ы с т а р ;

олардың аумақтарында орналасқан ұйымдарда ақы төленетін қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру және жүргізу туралы ұсыныстар;

13) атқарушы өкімет органдары, жұмыс берушілер бірлестіктері мен кәсіподақтар өкілдерінен құрылатын, халықты жұмыспен қамту мәселелерін қарайтын консультативтік комиссиялар мен жұмыс топтарының жұмысына қ а т ы с а д ы ;

14) ақы төленетін қоғамдық жұмыстарды жүргізу жұмыссыздарды кәсіптік оқытуды жүзеге асыру үшін ұйымдарды іріктеуді жүзеге асырады, ақы төленетін қоғамдық жұмыстарды жүргізуге, жұмыссыздарды кәсіптік оқытуға шарт ж а с а с а д ы ;

15) жергілікті еңбек рыногіндегі ахуалды ескере отырып аймаққа шетелдік жұмыс күшін тартудың тиімділігі туралы қорытынды береді, ұйымдардың қосымша жұмыс орындарын құру, шетелдік қызметкерлерді алмастыру мақсатымен жергілікті мамандарды оқыту жөніндегі міндеттемелерін орындауын б а қ ы л а й д ы ;

16) халықтың және заңды тұлғалардың арасында ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізеді, белгіленген тәртіппен өздерінің құзыретіне енетін мәселелер бойынша азаматтардың хаттарын, шағымдары мен жеке өтініштерін қ а р а й д ы ;

17) республикадағы басқа аймақтардың уәкілетті органдарымен тәжірибе алмасады, жұмыспен қамту мәселелері бойынша семинар, консультациялар ө т к і з е д і ;

18) уәкілетті орган еңбек делдалдығымен айналысатын жұмыспен қамту агенттіктерімен, жұмысқа орналастыру, жұмыс орындарын құру мәселелері бойынша жұмыс берушілермен өзара іс-қимыл жасайды.

Ескерту. 5-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 24.09.2013 № 454-ө-м бұйрығымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

4. Уәкілетті органның құқықтары және оның қызметін ұйымдастыру

6. Жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті органның құқықтары мен оның қызметін ұйымдастыру Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару мен өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы және 2001 жылғы 23

(тегі, аты, әкесінің аты)

және _____

(жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті органның атауы)

және _____

(жұмыс берушінің атауы)

бұдан әрі "Орындаушы" атынан _____

арасында

(лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты)

орталық атқарушы органның шешіміне және облыс, аудан, қала әкімшілігінің
200 __ жылғы _____ N __ қаулысына сәйкес жасалған.

1. Ш а р т т ы ң м е н і

1.1. Жұмыссыздар үшін қоғамдық жұмыстарды Қазақстан Республикасы
Үкіметінің 2001 жылғы 19 маусымдағы N 836 қаулысымен бекітілген Қоғамдық
жұмыстарды ұйымдастырудың және қаржыландырудың ережесіне (бұдан әрі -
Ереже) сәйкес ұйымдастыру және жүргізу.

1.2. Ш а р т т ы ң с о м а с ы :

_____ құрайды

(сомасы жазумен)

2. Т а р а п т а р д ы ң м і н д е т т е р і

2.1. "Тапсырыс беруші":

_____ адамды олардың келісімі бойынша қоғамдық

(адамдар саны жазумен)

жұмыстарға жіберуге;

2.2. "Орындаушы" мыналарға міндеттенеді:
жұмыссыздарға жеке еңбек шартында белгіленген түрде,
мерзімдерде және шарттарымен жұмыс беруге _____

(тізіп жазу)

қоғамдық жұмыстармен айналысатын жұмыссыздарға еңбекақы төлеу үшін
бөлінетін бюджет қаражатын мақсатты пайдаланылуын қамтамасыз етуге; әрбір
жұмыссызбен жеке-жеке техника қауіпсіздігі жөнінде нұсқаулық жүргізуге;

арнаулы киіммен, құрал-саймандармен, жабдықпен еңбекті қорғау туралы
заңдарға сәйкес қамтамасыз етуге;

заңдарға сәйкес тиісті еңбек жағдайымен және еңбек шартымен қамтамасыз
е т у г е ;

қоғамдық жұмыстарға қатысатын жұмыссыздарға еңбекке уақытша
жарамсыздығы, жарақат немесе денсаулығының өзге зақымдануымен келтірілген

зиянды өтеу бойынша әлеуметтік жәрдемақыны, қолданылып жүрген заңнамаға сәйкес төлеуді қамтамасыз етуге;

Қазақстан Республикасының еңбек, зейнетақымен қамсыздандыру және сақтандыру туралы заңдарын сақтауға;

"Тапсырыс берушіге" есептік айдың соңына 5 күн қалғанда қоғамдық жұмыстар (жұмыс түрлері, қоғамдық жұмысқа қатысушыны жұмыссыздардың саны, жұмыс уақытының есебі туралы, есептелген жалақы туралы) жүргізілгені туралы есепті ұсынуға.

3. Е с е п а й ы р ы с у л а р

3.1. Қоғамдық жұмыстарға қатысушы жұмыссыздарға еңбекақы төлеу Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жеке еңбек шарты негізінде жүргізіледі және ол орындалатын жұмыстың санына, сапасына және күрделілігіне байланысты болады.

3.2. Қоғамдық жұмыстарға қатысқаны үшін жұмыссызға есептелген еңбекақыға заңдарда белгіленген тәртіппен салық салынады.

4. Т а р а п т а р д ы ң ж а у а п к е р ш і л і г і

4.1. Тараптар қоғамдық жұмыстарға ақы төлеуге арналған бюджеттік қаражатты өз мақсатында пайдаланбағаны үшін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауаптылықта болады.

4.2. Шартты орындау барысында туындайтын даулы мәселелер Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес қаралады.

5. Ш а р т т ы ң қ о л д а н ы л у м е р з і м і

5.1. Шарттың қолданылу мерзімі _____

5.2. Осы шарт қазынашылық органдарында тіркелген күнінен бастап күшіне енеді.

6. Шарт екі данада екі тарап үшін жасалған, екеуінің де заң күші бірдей.

7. Т а р а п т а р д ы ң з а ң д ы м е к е н - ж а й л а р ы :

Тапсырыс беруші _____

(толық атауы, мекен-жайы, коды, банк атауы, БСН)

Орындаушы _____

(толық атауы, мекен-жайы, коды, банк атауы, СТН)

Тапсырыс беруші

Орындаушы

(қолы)

(қолы)

200__ ж. " __ " _____

200__ ж. " __ " _____

М.О.

М.О.

Қазақстан Республикасы
Еңбек және халықты
элеуметтік қорғау Министрінің
2002 жылғы 26 сәуірдегі
5-қосымша

_____ жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі
(облысы, Астана және Алматы қ.қ.)
уәкілетті органы мен білім беру ұйымы (мемлекеттік мекемелерді
қоспағанда) арасындағы жұмыссыздарды кәсіптік даярлау,
біліктілігін арттыру және қайта даярлау бойынша қызметтер
көрсетуге арналған

ҮЛГІ ШАРТ

_____ 200__ ж. "___" _____
(орны: қала, село)

Осы Шарт бір жағынан бұдан әрі "Тапсырыс беруші" деп аталатын
жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті орган _____

_____ (облысы, Астана және Алматы қ.қ.)
_____ атынан

(басшының немесе ол уәкілеттік берген адамның Т.А.Ә.)
және бұдан әрі "Орындаушы" деп аталатын _____
(білім беру ұйымының толық атауы)

екінші жағынан _____
(басшының немесе ол уәкілеттік берген адамның Т.А.Ә.)
арасында төмендегі туралы жасалды:

1. Ш а р т т ы ң м ә н і

1.1. "Тапсырыс беруші" алады, ал "Орындаушы" "Тапсырыс беруші" аталған
мақсаттарда тиісті бюджетте көзделген сомалар шегінде жіберген
жұмыссыздарды мынадай кәсіптер (мамандықтар) бойынша кәсіптік оқыту
жөніндегі міндеттемені өзіне алады: -----
- - - - -

NN ! Кәсіптердің ! Жоспарланып ! Бір адамды оқыту ! Жалпы сомасы
р/с ! (мамандықтардың)! отырған саны! құны ! (мың теңге)
! а т а у ы ! ! !

3
4
5
6

2. Тараптардың құқықтары мен міндеттері:

2.1. Тапсырыс беруші:

- жұмыссыздарды көрсетілген кәсіптер (мамандықтар) бойынша жеке-жеке тәртіппен сияқты және топ-тобымен де кәсіптік оқытуға жіберуге;
- оқу жоспарлары мен бағдарламаларының орындалуын, оқыту сапасын, оқытындардың үлгерімен және олардың сабаққа баруын бақылауға, емтихандарға және оқуды бітірген адамдарды аттестациялауға қатысуға;
- "Орындаушының" оқыту мерзімін және конкурстық шарттарды сақтауын бақылау;
- жұмыссыздарды, егер олар кәсіптік даярлауды, біліктілігін арттыруды және қайта даярлауды дәлелді себепсіз тоқтатқан, сондай-ақ ұйымнан шығарылған жағдайда уәкілетті органда қайтадан тіркелгеннен кейін тек қана бір жыл ішінде оқытуға жолдауға құқылы;

2.2. "Тапсырыс беруші":

- ақы төлеу үшін Қазынашылық органына "Орындаушы" орындаған жұмыстардың қол қойылған актісін уақытылы ұсынуға міндетті;

2.3. "Орындаушы":

- "Тапсырыс берушінің" келісімімен оқытындарды дәлелді себепсіз сабақтан қалғандығы, үлгермегендігі, оқу орнының ішкі тәртібін бұзғандығы үшін оқудан шығаруға құқылы.

2.4. "Орындаушы":

- "Тапсырыс беруші" жіберген адамдарды өздерімен келісілген және белгіленген тәртіппен бекітілген оқу жоспарлары мен бағдарламаларға, және оқыту сапасына қойылатын талаптарға сәйкес оқытуға;
- оқытын жұмыссыздардың мамандығы бойынша қажетті білімді және практикалық машықтарды алуын қамтамасыз етуге;
- оқу мерзімі және емтихандарды (сынақтарды) тапсыру аяқталғаннан кейін алған кәсібін (мамандығын) растайтын белгіленген үлгідегі құжаттарды беруге;
- оқытындардың сабақтан қалуы, сондай-ақ олардың үлгермеуі туралы "Тапсырыс берушіні" уақытында хабардар етуге;
- "Тапсырыс берушінің" сұрауы бойынша ол жіберген адамдардың оқуларымен байланысты ақпаратты беруге;
- "Тапсырыс берушіге" орындалған жұмыстарға арналған актіні беруге міндетті.

3. Е с е п а й ы р ы с у л а р

3.1. Жұмыссыздарды кәсіби оқытудың құнын төлеу ақы факті бойынша, органдарының бюджет қаражатының лимитін бөлу шамасына қарай ай сайын жүргізіледі.

3.2. Оқып жүрген адамды мерзімінен ерте оқудан шығарған жағдайда ақы төлеу оқыту жүргізілген кезеңге жүргізіледі.

4. Тараптардың жауапкершілігі:

4.1. Осы Шартта көзделген міндеттемелер орындалмаған немесе дұрыс орындалмаған жағдайда кінәлі тарап Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңнамасына сәйкес жауапты болады.

5. Шарттың орындалуын қамтамасыз ету

5.1. Орындаушы жұмыссыздарды кәсіптік даярлауға, біліктілігін арттыруға және қайта даярлауға арналған мемлекеттік тапсырысты орындау бойынша өткізілген конкурстың талаптарына сәйкес заңнамада белгіленген тәртіппен Шарттың орындалуын қамтамасыз етеді.

6. Шарттың қолданылу мерзімі

6.1. Осы Шарт Қазынашылық органында тіркелген күнінен бастап күшіне енеді.

6.2. Тараптардың кез келгені осы Шартты, бір айдан кешіктірмей бұзатыны туралы екінші тарапты ескерте отырып мерзімінен ерте бұзуға құқылы.

6.3. Шарт екі тарап үшін екі дана жасалған, екеуінің де заңдық күші бірдей.

6.4. Шарттың қолдану мерзімі 200__ ж. ____ дейін.

7. Тараптардың заңды мекен-жайы:

Тапсырыс беруші

Орындаушы

_____ (толық атауы)

_____ (толық атауы)

_____ (мекен-жайы)

_____ (мекен-жайы)

_____ (телефоны, телефаксі)

_____ (телефоны, телефаксі)

_____ (Т.А.Ә.)

_____ (Т.А.Ә.)

_____ (қолы)

_____ (қолы)

200__ ж. "___" _____

200__ ж. "___" _____

М.О.

М.О.

Қазақстан

Республикасы

Еңбек

және

халықты

**Жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті
орган мен кәсіптік даярлауға, біліктілігін
арттыруға және қайта даярлауға жіберілетін
жұмыссыз арасындағы
ҮЛГІЛІК ШАРТ**

Осы Шарт бір жағынан жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті орган
, бұдан әрі "уәкілетті орган" деп аталатын _____

_____ атынан
(басшының немесе ол уәкілеттік берген адамның Т.А.Ә.)
және екінші жағынан жұмыссыз _____
(Т . А . Ә .)

арасында төмендегі туралы жасалды:

1 . Уәкілетті орган :

1.1. _____ жұмыссызбен шарт
(Т . А . Ә .)

жасалған сәттен бастап _____ күн ішінде ұзақтығы _____
ай _____

(жаңа кәсіп бойынша даярлау, қайта даярлау, біліктілігін арттыру)
мақсатында _____ кәсіп (мамандық) бойынша даярлауға,
біліктілігін арттыруға және қайта даярлауға жіберуге міндеттенеді.

1.2. Оқу құнын, тұруына, тамақтануына, медициналық куәландырудан өтуіне,
білім беру ұйымы орналасқан жерге бару және қайту жолына, аймақ шегіндегі
білім беру ұйымына бару жолына ақы төлеуге қаражат көздеуге міндеттенеді.

2. _____ жұмыссыз:
(Т . А . Ә .)

2.1. Кәсіптік оқу курсына оқу бағдарламасында көзделген толық көлемде өтуге
және бітіргеннен кейін уәкілетті органға оқуды аяқтағаны туралы құжатты
ұ с ы н у ғ а ;

2.2. Білім беру ұйымы белгілеген ережелер мен талаптарды сақтауға және
о р ы н д а у ғ а ;

2.3. Есептік айдан кейінгі айдың 1-не дейін ай сайын білім беру ұйымының
мөрімен бекітілген сабаққа бару туралы мәліметтерді ұсынуға міндеттенеді.

3. Тараптардың жауапкершілігі:

3.1. Уәкілетті орган осы шартты жұмыссызбен біржақты тәртіппен мынадай

жағдайларда бұзуға құқылы:
дәлелді себепсіз сабаққа бармаса;
үлгермесе оқу орнының ішкі тәртібін бұзғанда;
заңнамада көзделген басқа да бұзушылықтарды жасағанда.

3.2. _____ жұмыссыз
(Т . А . Ә .)

оқуды өз еркімен тастап кетсе оған мемлекеттік атаулы көмек көрсетілмейді, ал оқуға екінші қайта жіберу мәселесі заңнамада белгіленген тәртіппен шешіледі.

3.3. Даулы мәселелер қолданылып жүрген заңнамаға сәйкес шешіледі.

4. Осы Шарт қазынашылық органында тіркелгеннен кейін күшіне енеді.

5. Шарт екі тарап үшін екі дана жасалды, екеуінің де заңдық күші бірдей.

6. Шарттың қолданылу мерзімі 200__ ж. _____ дейін, және 200__ ж. _____ дейін күшінде болады.

7. Тараптардың мекен-жайы:

Уәкілетті орган: _____
(индексі, мекен-жайының толық атауы)

Жұмыссыз: _____
(индексі, мекен-жайының толық атауы)

Шарттың жасалған күні 200__ жылғы " __ " _____

Уәкілетті органның М.О. _____
(қ о л ы)

(қолы)